

*Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті*

ӘГП кафедрасы

**Құқық негіздері пәні бойынша слайд
дәрістер**

Құрастырушы:
аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

2009 жыл

ПӘНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

ҚОҒАМ -экономикалық және рухани біртұтастықпен, өмір сүру жағдайын ұйымдастырудың тұтастығымен сипатталатын, белгілі бір аумақтағы адамдар бірлігі.

ҚҰҚЫҚ – заңдарда, мемлекетпен танылатын өзге де қайнар көздерде көрініс тапқан құқылы - рұқсатты (сондай-ақ тыйым салынған) жүріс-тұрыстың жалпыға міндетті талабы болып табылатын нормалар жүйесі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ- құқықтың көмегімен қоғамдық қатынастарға, адамдардың жүріс-тұрысына құқықтық құралдардың барлық жүйесімен әсер етуі жүзеге асыру.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП – талаптарының тәжірибе жүзінде жүзеге асырылуын көрсететін, қоғамдық қатынастардың іс жүзінде ретке келтірілу жағдайы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ – құқықтық шындықтың басқа белсенді элементтерімен- құқықтық идеологиямен және сот тәжірибесімен біртұтас қарастырылатын құқық.

НОРМАТИВТІК АКТ – заңдарда, мемлекетпен танылатын өзге де қайнар көздерде белгіленетін және құқық субъектісінің құқықты-рұқсат етілген (сондай-ақ тыйым салынған) жүріс-тұрысының талабы ретінде көрініс табатын жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережесі.

ЗАҢДЫЛЫҚ – барлық заңды нормаларды, барлық құқықтық ережелерді барлық субъектілермен, яғни азаматтармен, олардың бірлестіктермен, лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен қатаң әрі мүлтіксіз сақтау мен орындау талабы.

ТҮЛҒА - қоғамда автономды жағдайы (мәртебесі) бар және соған сәйкес құқықтарға, бостандықтар мен міндеттерге ие болған адам.

ПӘНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

БИЛІК - жекелеген тұлғалардың (билік етушілердің) еркі мен іс- әрекеті басқа тұлғалардың (бағыныштылардың) еркі мен іс-әрекетінен басым тұратын, үстемдік ету мен бағыныштылық қатынастары.

НОРМА - анықталмаған тұлғалар шеңберіне және жағдайлардың шексіз санына қатысты мерзімі жағынан үздіксіз әрекет ететін жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесі.

МЕМЛЕКЕТ - басқару-қамтамасыз етушілік, қорғаушылық функцияларды жүзеге асыру мақсатында арнайы аппаратты иеленетін және елдің бүкіл халқы үшін өз еріктерін міндетті етуге қабілетті, жариялы билігі бар саяси-аумақтық егеменді ұйым.

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК - мәжбүрлеу аппаратына негізделе отырып, мемлекеттің функцияларын жүзеге асыратын қарым-қатынастар жүйесі.

МУНИЦИПАЛДЫ БИЛІК - өзін-өзі басқаруға негізделген жергілікті билік.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІК - мемлекеттік биліктің ел ішінде және одан тыс жерде басқа кез келген биліктен (саяси және идеологиялық) тәуелсіздігі. Оның басты көрінісі: мемлекет өзінің барлық істерін дербес және ерікті түрде шешуге құқылы.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ - барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болатын мемлекет. Мұнда әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, ал барлық азаматтар соған қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ - мемлекеттің басқарушылық қамтамасыз етушілік және қорғаушылық функцияларын іске асыру бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың біртұтас, иерархиялық жүйесі (кешені).

ПӘНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН- мемлекеттік міндеттерді атқаратын және тиісті биліктік өкілеттіктерге ие ұйым немесе басқарма.

ҚҰЗЫРЕТ - мемлекеттік орган, сондай-ақ сол бір немесе өзге лауазымды тұлға иеленетін және тиісті заңды құжатта бекітілетін биліктік құқықтардың мазмұны мен көлемі.

МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ – басқару нысанында және мемлекеттік құрылым нысанында көрініс табатын, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастыру.

ДЕКЛАРАЦИЯ (мәлімдеме, хабарлама)-белгілі бір негізгі ережелерді, қағидаларды салтанатты түрде жариялайтын ресми құжат.

ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ – құқық құрылымы, оның салалар мен институттарға тармақталуы.

ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ – құқық жүйесінің басты тармағы. Ол заңдық реттеудің өзіне тән режимімен ерекшеленеді және біртектес қоғамдық қатынастарды қамтиды.

ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІ –құқық субъектілікке ие тұлғалар, яғни құқықтар мен міндеттерді иелене алатын, құқықтық қатынастарға қатыса алатын азаматтар, ұйымдар мен қоғамдық құрылымдар.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС- субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерге ие болатын субъектілер арасындағы байланыс.

ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК –кінәлі тұлғаға жасалынған құқық бұзушылық үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛАР

Патриархалдық теория-мемлекеттің пайда болуын тікелей жанұяның таралуымен байланыстыра қарастыру (Платон, Аристотель, Фильмер, Михайловский)

Материалистік теория-мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық факторлармен, жеке меншіктің пайда болуымен, қоғамның таптарға бөлінуімен байланыстырады (К.Маркс, Ф.Энгельс)

Теологиялық теория-биліктің құдайдың қолында болатындығы туралы пайымдау (Ф.Аквинский, Ж. Маритэн)

Күштеу теориясы бойынша мемлекет ішкі және сыртқы күштеу нәтижесінде пайда болады (Л.Гумплович, К.Каутский, Е.Дюринг)

Келісім-шарт теориясы-мемлекет қоғамдық келісім-шарт негізінде пайда болады деп түсіндіретін теория (Ж.Ж.Руссо, Г.Гроций, Б.Спиноза, Дж.Локк, А.Н.Радищев, Т.Гоббс)

Психологиялық теория бойынша мемлекет адамдардың ұйымдасқан қоғамдық, ұжымдық арақатынас аясында өмір сүру жөніндегі психологиялық қажеттіліктер нәтижесінде пайда болады (Л. Петражицкий, Э.Фром, Фрезер)

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Болжау-болжамдық
(прагностикалық қызметі)

Танымдық қызмет

Болжау-болжамдық
қызмет

Әдістемелік қызмет

Идеологиялық қызмет

Адамдардың құқықтық
санасын қалыптастыру қызмет

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ



Жалпы ғылымдық
әдістер

Жалпы логикалық
әдістер

Жекелеген ғылыми
әдістер

-формалды
логикалық
-диалектикалық
-жүйелілік
-тарихи
-құрылымды-
Функционалдық
-әлеуметнамалық

-талдау (анализ)
-синтез (жинақтау)
-талдап қорыту
-салыстыру
-абстракциялау
-ұқсастыру
-модельдеу
(үлгілеу, үлгі жасау)

-салыстырмалы
құқықтану
-техникалық-
заңдық талдау
-айқындау
(анықтау,
дәлелдеу)
-нақты әлеуметтік
әдіс

МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕХАНИЗМІ (АППАРАТЫ)

**Жоғарғы өкілдік, заң шығаратын
орган**

Мемлекет басшысы

Жоғарғы атқарушы орган

Орталық басқару орган

Сот

Прокуратура

Әскер

Барлау, қарсы барлау

Абақты

МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Ішкі:

Экономикалық

Әлеуметтік

Халық билігін қамтамасыз ету

Конституциялық құрылысты қорғау

Құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету

Қоғамды нығайту.

Әлеуметтік қазылық

Экологиялық

Сыртқы:

Әлемдік келелі мәселелердің шешімін табуға қатысу

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Басқа елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту

Халықаралық қатынастарда мемлекеттің мүддесін қорғау, сақтап қалу

АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША

Құқықтық
тәртіпті,
қауіпсіздікті
қорғау,
сақтау

Полиция, сот,
прокуратура
және т.б.

Әлеуметтік
экономикалық
реттеу

Қаржы-салық
аппараты,
байланыс органдары
мен
коммуналдық
қызмет көлік және т.
б.

Рухани
өндіріс

Оқу-ағарту,
білім беру,
мәдениет,
ақпарат органдары

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ НЫСАНДАРЫ

Монархиялық

Абсолюттік

Заң шығарушы,
атқарушы, сот
билігі бір
дамның, монарх-
тың қолында

Парламенттік

Монархтың билігі
Конституциямен не
Парламенттің іс-әрекетімен
шектелген

Конституциялы

Республикалық

Президенттік

Мемлекет бас-
шысы Прези-
дент бір мез-
гілде атқарушы
биліктің бас-
шысы;
Үкіметті Парла-
менттің
келісімі-мен
Президент
қалыптастыра-
тындықтан ол
Президент ал-
дында жауапты

Парламенттік

Заң шығарушы
және атқару
биліктерінің
тепе-теңдігін
қамтамасыз
етеді;
Президентті
Парламент
сайлайтындық-
тан формальды
түрде үкімет
басшысын
тағайындауға
құқығы бар

ҚҰҚЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Заңға айналдырылған
халықтың еркі

Мемлекет қорғайды

Мемлекеттен шығады,
туындайды

Қоғамдық
қатынастарды
реттеуші құрал

Жүйелілігі

Нормативтігі

Формальды
анықтылығы

Өзгергіштігі

Жалпыға міндеттілігі

ҚҰҚЫҚТЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Әлеуметтік

Тәрбиелеу

Реттеу

Экономикалық

Алдын алу

Қорғау

Саяси

Сақтандыру

Идеологиялық

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР

Тәртіп ережесінің
белгілері

Жалпы негіздегі мінез
Жалпы міндеттілік
Мемлекет атынан
қабылданады
Мемлекет тарапынан
қорғалады

Түрлері

Реттеуші
Сақтаушы
Ынталандырушы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституциялық
заңдар
Кәдімгі заңдар
Төтенше заңдар

Президенттің
жарлықтары,
қаулылары
Үкімет қаулылары
Министрліктердің,
басқа жоғары
органдардың
нормативтік
актілері

Жергілікті өкілдік
органдардың
нормативтік
актілері
Жергілікті атқару
органдарының
нормативтік
актілері

КОДЕКС - БІРТЕКТЕС ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ
РЕТТЕЙТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР БІРІКТІРІЛІП, ЖҮЙЕГЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАҢ

Бюджеттік

Азаматтық

Азаматтық іс жүргізу

Неке-отбасы

Экологиялық

Су

Жер

Орман

Салық

Кеден

Көлік

Еңбек

Қылмыстық жазаларды орындауға
байланысты

Әкімшілік жауапкершілікке тартуға
байланысты

Қылмыстық жауапкершілікке тартуға
байланысты

Қылмыстық іс жүргізу сияқты біртектес
қоғамдық
қатынастарды реттеу мақсатында
қабылданады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Халықтың мемлекеттендірілген еркін білдіреді,
мемлекет атынан бекітіледі,
мемлекет тарапынан қорғалады,
қоғамдық қатынастарды реттейді.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

ТҮРЛЕРІ

Қылмыс

Теріс қылық

Әкімшілік
Тәртіптік
Азаматтық-
құқықтық

ҚҰРЫЛЫМЫ

Объект – заңмен
қорғалатын құбылыс
(адам өмірі, мүлік т.с.с.)
Объективтік жағы –
зиянды әрекет немесе
әрекетсіздік
Субъект – адам, ұйым,
орган
Субъективтік жағы –
кінә (қасақана,
абайсызда)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК

ТҮРЛЕРІ

Қылмыстық
Тәртіптік
Әкімшілік
Мүліктік
Жеке мүліктік
емес


НЕГІЗІ


Құқық
бұзушылық
құрылымның
қолда бары
Жауапкершіл
іктен босату
үшін себептің
жоқтығы

ҚАҒИДАЛАРЫ

Жауапкершіліктің
сөзсіз
болатындығы
Заң негізі
бойынша жаза
қолдану
Әділеттілік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫ





ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

```
graph LR; A[ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР] --> B[Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық]; A --> C[Бүкілхалықтың игілігіне бағытталған экономикалық даму]; A --> D[Қазақстандық Отансүйгіштік]; A --> E[Мемлекет өміріндегі ең маңызды сұрақтарды демократиялық жолмен шешу, соның ішінде Республикалық немесе Парламентте дауыс беру];
```

Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық

Бүкілхалықтың игілігіне бағытталған экономикалық даму

Қазақстандық Отансүйгіштік

Мемлекет өміріндегі ең маңызды сұрақтарды демократиялық жолмен шешу, соның ішінде Республикалық немесе Парламентте дауыс беру

ЗАҢ
АЛДЫНДАҒЫ
ЖАУАПТЫЛЫҚ

Қағидалары

Кінәсі үшін
жауаптылық

Жазадан
құтылмайтындығы

Әділеттілік

Заңдылық

Адамгершілік

Функциялары

Айыптық

Бұзған
құқықты
қалпына
келтіру

Тәрбиелік

Түрлері

Қылмыстық


Әкімшілік

Тәртіптік

Азаматтық

Мүліктік

1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ҚАЙНАР КӨЗДЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ - қоғамдық және
мемлекеттік қатардың, азаматтардың
негізгі құқықтарын, бостандықтарын,
міндеттерін, сонымен қоса ұйымдардың
қағидасы мен жергілікті өзін-өзі басқару
органдарының жұмыс тәртібін реттейтін
және сақтайтын, сондай-ақ басқа да
ұлттық құқық көздеріне қарағанда
жоғарғы құқықтық күші бар мемлекет
пен қоғамның негізгі заңы

Конституциялық және қарапайым заңдардың
нормалары

ҚР Парламенті мен оның Палаталарын орнату

Басқа да құқықтық акттердің нормалары: ҚР
Президентінің жарлықтары мен заңдары,
жергілікті атқарушы және орындаушы
органдарды және басқа да мәселені шешу

ҚР Конституциялық Кеңесін нормативті
орнату

ҚР Жоғарғы Сотын нормативті орнату

ХАЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ



Конституциялық Кеңес жеті мүшеден: төрағасы және мүшелерінен құралады. Республиканың экс-Президенттері ғұмыр бойы Кеңеске мүше болып саналады.

ПРЕЗИДЕНТ

Конституциялық Кеңестің Төрағасын және екі мүшесін тағайындайды

Парламент Сенатының Төрағасы - Конституциялық Кеңестің екі мүшесін сайлайды

Конституциялық Кеңестің екі мүшесін **Парламент мәжілісінің төрағасы** тағайындайды

Конституциялық Кеңестің мүшелеріне қойылатын талаптар

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері орган басшылығына немесе коммерциялық ұйым кеңесіне енетін кәсіпорындық әрекетті жүзеге асыратын ғылыми немесе басқа да шығармашылық әрекеттерден, оқытушылықтан басқа ақылы қызметпен айналыспау керек

Конституциялық Кеңес мүшелерінің құқықтары

Конституциялық Кеңес мүшелері мен Төрағасы өзінің өкілеттілігі мерзімі кезінде тұтқынға алынбайды, әкімшілік жазаға тартылмайды, сот ретімен қылмыстық жауапкершілікке Парламенттің келісімінсіз тартылмайды

МЕМЛЕКЕТТІК АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІ

ЖОҒАРҒЫ ОРЫНДАУШЫ
ОРГАНДАР

ҮКІМЕТ

ОРТАЛЫҚ ОРЫНДАУШЫ
ОРГАНДАР

МИНИСТРЛІК,
МЕМЛЕКЕТТІК
КОМИТЕТТЕР,
ВЕДОМСТВАЛАР

ЖЕРГІЛІКТІ ОРЫНДАУШЫ
ОРГАНДАР

Комиссияның,
бөлімдердің,
басқарудың,
жергілікті
орындаушы
органдарының
әкімдері

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ
(1995 ж Конституциясы бойынша)**

ҮКІМЕТ – ҚР орындаушы билігін атқарады, орындаушы органдардың жүйесін басқарып және олардың орындау әрекетінің басшылығын жүзеге асырады (Конституцияның 64 б)

ҮКІМЕТ өзінің барлық әрекеттері үшін ҚР Президенті алдында жауапты (ҚР Конституциясы 64 б)

ҮКІМЕТ Республиканың Президентімен құрылады. Үкімет басшысы Премьер-министрлікке тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкімет құрамы мен құрылымы жайында Президентке ұсыныстар әзірлейді. Үкімет мүшелері халық және Қазақстан Президенті алдында ант қабылдайды (ҚР Конституциясы 65 б)

ҮКІМЕТ 6 бөлімде қарастырылатын жағдайда Республика Парламентіне есеп береді (ҚР Конституциясы 53 б)

Үкімет мүшелері 6 бөлім бойынша қаралатын жағдайда Парламент Палатасына есеп береді. (ҚР Конституциясы 57 б)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨКІЛЕТТІЛІГІ (Конституция. 44 б.)

ПРЕЗИДЕНТ

мемлекеттің басшысы, жоғарғы дәрежедегі тұлға, ішкі және сыртқы саясаттың бағыттарын анықтайды.

Халық бірлігімен мемлекеттік биліктің символы, Конституцияның тұрақты, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы

Ел ішінде және халықаралық қатынастарда қазақстан атынан өкілдік ету

Республиканың ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттары айқындап, мемлекет ішіндегі жағдайы жөнінде Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауымен таныстырады

Парламент Сенатының ұсынған заң жобаларына он бес күн аралығында қол қояды, заңдарды халыққа жария етеді не заңды немесе жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтараы

Қазақстан халықтарының депутаттарының анттын қабылдау және Парламенттің бірінші сессиясын шақырады; Парламент Палаталарының кезекті және кезектен тыс бірлескен отырысына шақырады

Республиканың Парламентінің кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды, Премьер – Министрді Парламенттің келісімімен қызметке тағайындайды, жұмыстан босатады

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ

Премьер-министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын белгілейді, оның мүшелерін тағайындайды, Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады, қайта құрады, Үкімет мүшелерінің анттын қабылдайды

Республика Премьер –министрінің ұсынуымен Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді

Парламен Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Жоғарғы Соттың Төрағасын қызметке тағайындайды, оларды қызметтен босатады

Үкіметтің аса маңызды мәселелері бойынша отырыстарында төрағалық етеді, Үкіметке Заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады, Республика Үкіметінің және облыстағы, Республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы әкімдерінің актілерінің күшін жояды не толық немесе ішінара тоқтата тұрады

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СТАТУСЫ

ҚР Парламентінің депутаты қандай да бір императивті мандатпен байланысты емес

ҚР Парламентінің депутаты жұмысын тоқтатса немесе қызмет уақыты аяқталса бастапқы жұмысының (қызметінің) сақталып қалуы немесе ақысы соған тең жұмыс (қызмет) берілуі кепілдендірілмейді

ҚР Парламентінің депутаты парламент жұмысына қатысуы тиіс. Парламентте дауыс беру депутаттың жеке өзі арқылы іске асырылады. Депутат дауыс беру құқығын біреуге беретін болса, Палаталар және олардың органдарының отырысынан себепсіз 3 рет қалатын болса заңда орнатылғандай депутатқа айыппұл салынады

ҚР Парламентінің депутаты қылмыс жасау үстінде немесе ауыр қылмыс жасағаны болмаса, құзырлық ету уақытында қамауға алынбайды, сот тәртібімне қадағаланатын әкімшілік жауапкершілікке, сәйкес палата келісімісіз қылмыстық жазалауға ұшырамайды

ҚР Парламентінің депутатына басқарушы орган немесе коммерциялық мекемелерді қадағалаушы кеңес құрамына енгізу, жеке кәсіпкерлікпен айналысуына, ғылыми немесе басқа да шығармашылық іспен айналысуына, ұстаздықтан басқа ақылы қызметтер атқаруына, басқа өкілдік органдардың депутаты болуына тыйым салынады. Жоғарыда айтылған заңдылықтардың бұзылуы депутаттық қызметтен босатылуына әкеп соғады

ҚР Парламенті депутатының құзырлығы отставкаға кетсе, депутаттың ой жұмысы кемісе, Парламентті таратса және тағы басқа Конституцияда қаралған жағдайларға байланысты тоқтатылады

ҚР Парламенті депутатын айыптайтын сот шешімі өз күшіне енсе, ҚР тыс жерде тұрақты өмір сүруге ауысатын болса депутат өз мандатынан айырылады

ПАРЛАМЕНТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

БІРІККЕН ПАЛАТАЛАР ЖИНАЛЫСЫНДА:

- 1) Қазақстан Республика Президентінің ұсынысымен Конституцияға өзгертулерді және толықтыруларды енгізеді; Конституциялық заңдарға өзгертулерді және толықтыруларды енгізеді;
- 2) Республикалық қордың және Үкіметтің отчетін және Есептік комитетті қадағалауын, қордың орындалуын бекітеді, қорға өзгерістерді және толықтыруларды енгізеді;
- 3) Республика Президентінің қарсылығына байланысты заң тармақтары заңға қайталап талқылайды және дауысқа салады. Қарсылық берілгеніне бір ай ішінде дайын болу керек. Бұл мерзімде осы талаптарды орындалмаған жағдайда Президент тарапынан келіспеушілік білдіреді. Парламент Палаталарының барлық депутаттарының 2/3 бөлігі қабылданған шешімді қолдап дауыс берсе, Президент 7 күн ішінде заңға қол қояды;
- 4) Президенттің инициативасы бойынша палата депутаттарының жалпы санынан 2/3 дауысы заңды Үкімет мерзімінде бір жылдан аспайтын делегаттануға құқылы;
- 5) Республика Президенті Премьер-Министрді және Республиканың Ұлттық Банк Председателін тағайындауға келісім береді;
- 6) Премьер-Министрдің Үкімет туралы бағдарламасын тыңдайды және оны қабылдау, не қабылдамау мәселесін қарастырады. Программаны қайта қайтару көбінесе әрбір Палатадан жалпы депутаттарының саны 2/3 дауыс берсе жүзеге асуы мүмкін және Үкіметке сенімсіздікті білдіреді. Көбінесе мұндайдың болмауы Үкіметтің программасын қабылдауды білдіреді;
- 7) Көбінесе әрбір Палатаның жалпы деп санының 2/3-сі кейбір жағдайда конституцияда бекітілген Парламенттің жалпы депутаттар санының 1/5-ң үнімімен Үкіметке сенімсіздігін білдіреді.

Заң жобаларын арастыруын қабылдау және қарастыру

Республика Президентінің кезекті сайлауын жариялау мен оның кезектен тыс сайлауын тағайындау

ҚР парламенті қабылдаған заңдарға Президент қарсылықтары бойынша ұсыныстар енгізу

Екі депутатты мамандандырылған әділет коллегиясы құрамына делегат жіберу

Президент ұсынысымен Республиканың орталық сайлау комиссиясының төрағасын, төраға орынбасарын, хатшысы мен мүшелерін сайлау, қызметінен босату

Республика Президентіне мемлекеттік опасыздық жасағандығы туралы айыптау

МӘЖІЛІСТІҢ
ЕРЕКШЕ
КАРАУЫНА
ЖАТАДЫ

Тең сайлау құқығы
Сайлаушылар Республика
Президентін, Мәжіліс және
мәслихат депутаттарын
сайлауға тең қатыса алады

Жалпыға бірдей белсенді
сайлау құқығы бойынша
кәмелет жасқа толған әрбір
Республика азаматтардың
сайлауға қатысып, дауыс беруі

Төте сайлау құқығы
Республика Президентін,
Мәжіліс, мәслихат
депутаттарын, жергілікті өзін-
өзі басқару органдарының
мүшелерін азаматтар төте
сайлай алады

САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ ҚАҒИДАТТАР

Жанама сайлау құқығы
Парламент Сенатының
депутаттарын мәслихат
депутаттарының сайлауы


Жасырын дауыс беру құқығы
Сайлауда жасырын дауыс
беріледі, яғни сайлаушыларға
дауыс беру уақытында
ешқандай бақылау
қойылмайды

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ

ҚҰРАМЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ



ҚР БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

Облыстық прокуратура
(Астана, Алматы прокуратуралары)

Арнайы прокуратуралар
(Әскери, көлік, табиғатты қорғау, тәртіптік түзету мекемелер прокуратуралары)

Қалалық және аудандық прокуратуралар

Облыстық арнайы прокуратуралар

Қылмыстық істер бойынша соттық қаулылардың заңдылығын қадағалау

Азаматтық істер бойынша соттық қаулылардың заңдылығын қадағалау

Мемлекеттік органдардың жұмысының заңдылығын қадағалау

Тергеу және анықтаудың заңдылығын қадағалау

Аудандық арнайы прокуратуралар

1,2,3 инстанция бойынша соттардың шешімін қадағалау

Атқарушы биліктің әкімшілік мемлекеттік органдарды қадағалау

Қылмыстық қудалау органдарын қадағалау

Ішкі істер органдарын

Қаржы полициясын

ҰҚК

АДВОКАТУРА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ
АДМИНИСТРАЦИЯСЫ

ОБЛЫСТЫҚ
АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ

ЗАҢДЫ КЕҢСЕЛЕР

МЕНШІКТІ
АДВОКАТТЫҚ КЕҢСЕЛЕР


МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛЫҚ
АДМИНИСТРАЦИЯСЫ

ҚАЛАЛЫҚ АДВОКАТТАР
АЛҚАСЫ

ЗАҢДЫ КЕҢСЕЛЕР

МЕНШІКТІ АДВОКАТТЫҚ
КЕҢСЕЛЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ



1 ҚР Конституциясы, 2 т. 89 б.

2 Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырумен олардың әрекет ету реті заңмен бекітілген шекте азаматтардың өздерімен анықталады.
ҚР Конституциясының 3 т. 89 б.

Жолда жүру ережелерін бұзу

Электр жүйелерін бұзу

Заңсыз жүк тасымалдау

Оқ-дәрі мен қаруды сату тәртібін бұзу

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫН
ДАҒЫ ӘКІМШЛІК
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ
ТҮРЛЕРІ


Мемлекеттік шекара режимін бұзу

Заңсыз аң, балық аулау

Қоғамдық тәртіпті бұзу

Табиғатты қорғау ережелерін бұзу

ҚАЗАҚСТА РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНІҢ
45-БАБЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАУ ТҮРЛЕРІ



АДАМ МЕН
АЗАМАТТЫҢ
ҚҰҚЫҚ ПЕН
БОСТАНДЫҚТАР
ЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛ
ЫҚ КЕПІЛДЕМЕСІ

Қамау және күзетке алу тек заңмен қарастырылған жағдайда ғана және соттың және прокурордың жазалау шараларынан тұтқындалушыға соттық шағым арыз құқықтарын ұсына отырып мүмкін болады. Прокурордың жазалау шараларынсыз тұлға 72 сағаттан артық уақытқа тұтқындалуы мүмкін

Қылмыс жасағаны үшін айыпталушы, тұтқындалушы, қамауға алынушы сәйкес айып салыну немесе тұтқындалу мезетінен бастап адвокат көмегін қолдана алады

Адамдық артықшылықтарын кемсітуге немесе жазалауға, басқа да зорлық-зомбылық әрекеттеріне ешкім де ұшырамауы керек.

АДАМ МЕН
АЗАМАТТЫҢ
ҚҰҚЫҚ ПЕН
БОСТАНДЫҚТАР
ЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛ
ЫҚ
КЕПІЛДЕМЕСІ

Мемлекеттік органдар, қоғамдық құрылымдар, лауазымды тұлғалар және БАҚ әрбір азаматты оған қатысты құқықтармен және қызықты құжаттармен, ақпаратты шығару және қабылдаумен байланысты барлық құқықтармен таныстыруға міндетті. (Ата заң 3 тармақ 18 бап)

Сөз бостандығы және шығармашылығы қорғанған. Цензураға тиым салынған. (Атазаң 1 тармақ 20 бап)

Әрбір адам заңға сәйкес ақпаратты еркін алуына және оны таратуына болады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларынан тұратын мәліметтерді тарату заңмен анықталады. (Атазаң 2 тармақ 20 бап)

Конституциялық құрылымды зорлап өзгертуге Республиканың бүтінділігін бұзуға мемлекеттің қауіпсіздігін бұзуға соғысқа, әлеуметтік, ұлттық, діншілдік, сословтық және туыстық, сонымен қатар қаттылық пен зомбылықтың культі. (Атазаң 3 тармақ 20 бап)

АДАМ МЕН
АЗАМАТТЫҢ
ҚҰҚЫҚ ПЕН
БОСТАНДЫҚТАР
ЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯ
ЛЫҚ
КЕПІЛДЕМЕСІ

Еңбекке күштеп жүктеу соттын шешімімен немесе кездейсоқ және соғыс жағдайында ғана болады. (Атазаң 1 тармақ 24 бап)

Еңбек келісім шарты арқылы жұмыс істейтін жұмысшыларға заңға сәйкес жұмыс уақыты, демалыс және мерекелік күндер, жыл сайынғы төленетін демалыс бекітілген. (Атазаң 4 тармақ 24 бап)

Тұрғын үй дербестігі. Тұрғын үйді тартып алуға жол берілмейді, тек қана сот шешімімен. Тұрғын үйге басып кіру, оны тінту және қарау соттын шешімімен ғана рұқсат етіледі. (Атазаң 1 тармақ 25 бап)

Меншік иесі, сонымен қатар мұрагерлік заңмен кепілденеді. (Атазаң 2 тармақ 26 бап)


Ешбір адам өз меншігінен соттын шешімінсіз айырыла алмайды. Мемлекеттік қажеттіліктері үшін заңме қарастырылған ерекше жағдайларда мүліктен еріксіз түрде бас тарту, оны толығымен қайтару шартында жүзеге аса алады. (Атазаң 3 тармақ 26 бап)

АДАМ МЕН
АЗАМАТТЫҢ
ҚҰҚЫҚ ПЕН
БОСТАНДЫҚТАР
ЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЈАЛ
ЫҚ
КЕПІЛДЕМЕСІ

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек қана заңмен және конституциялық құрылымды, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, денсаулығын және халықтың сый-қадірін қорғау мақсатына қажетті мөлшерге дейін шектеле алады (Атазаң, 1 тармақ, 39 бап)

Ұлтаралық бірлікті бұза алатын кез келген әрекеттер **конституциялық емес деп танылады** (Ата заң, 2 тармақ, 39 бап)

Саяси себептермен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ешқандай формада шектеуге жол берілмейді. 10,11, 13-15 баптарында, 16 баптың 1 тармағында, 17 бапта, 19 бапта, 22 бапта, 26 баптың 2 тармағында қарастырылған құқықтар мен бостандықтарды еш жағдайда шектеуге жол берілмейді.



АЗАМАТТЫҚТАН
ШЫҒУҒА РҰҚСАТ
БЕРМЕУ
СЕБЕПТЕРІ

Қазақстан Республикасының алдындағы азаматтық міндеттерін орындамау

Мемлекет алдындағы, кәсіпорындардағы міндеттерін орындамаған жағдайда

Қылмыстық жауапкершілікке тартылып, тұтқындалса

Сот шешімімен жазасын өтеу уақытында жүрсе

Әскери, мемлекеттік құпияны білсе

ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАР

Өмір сүру құқығы.

Жеке бас бостандығының құқығы.

Қадір - қасиетіне қол сұғылмау, жеке басының және отбасының құпиясы, өзінің намысы мен қадір – қасиетін қорғау құқығы.

Жеке салымдар мен жинақтар, хат алысу, телефон арқылы қарым-қатынастардың құпиясы құқығы.

Сөз және шығармашылық бостандығы құқығы.

Ана тілі мен мәдениетін пайдалану, қатынас тілін, тәрбиені, оқу мен шығармашылықты ерікті таңдау құқығы.

Тұрғын жайға қол сұғылмау құқығы.

Ар -ождан бостандығы құқығы.

Қ.Р. территориясында жүріп –тұру және тұрғылықты мекенді таңдау бостандығы құқығы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР

Меншік иесі болу құқығы.

Еңбек ету бостандығы, қызмет пен мамандық түрін еркін таңдау құқығы.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысу бостандығы құқығы.

Қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін, еңбек шарттары, тең құқықтан айырмай, еңбегі үшін сыйақы беру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау құқығы.

Демалыс құқығы.

Жасына байланысты, мүгедектігі, асыраушысынан айрылғанда әлеуметтік көмек алу құқығы.

Денсаулық сақтау құқығы.

Ақысыз орташа және сайыс негізінде ақысыз жоғары (ЖОО) білім алу құқығы.

Еңбекақы мен зейнетақы алу құқығы.

САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР

Мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығы.

Мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық қатынас жасау құқығы.

Мемлекеттік қызметке қол жеткізудің тең құқығы.

Бейбіт және қарусыз жиналу, митингтер, шерулер, ереуілдер өткізу бостандығы құқығы.

Қызметі заңмен реттелетін бірлесуге бостандық құқығы.

РЕСПУБЛИКА АЗАМАТТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

АЗАМАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ (Конституцияның 34-38 б)

Республиканың заңдарымен Конституциясын құрметтеу, сақтау

Басқа адамдардың атақ, даңқын, бостандығын, құқығын құрметтеу

Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу

Заңды орнатылған салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу

Қазақстан Республикасын қорғау

Орнатылған заң бойынша әскери қызметті жүргізу

Тарихи мұралар мен мәдени ескерткіштерді қорғау

Табиғатты сақтау және табиғи байлықтарды қорғау

**ПАЙДАЛАНУ
ҚҰҚЫҒЫ-**
заттан пайдалы
табиғи қасиеттерін
алу, одан
алынатын
табыстарды
иелену, сонымен
бірге басқа да
пайдалар табу
мүмкіндігі

**ИЕЛЕНУ
ҚҰҚЫҒЫ -**
затқа толық
иеленуді жүзеге
асыру мүмкіндігі

Меншік құқығы –
өзінің қалауы
бойынша өзіне
жататын мүмлікке
иеленуге,
пайдалануға және
басқаруға болатын
субъектінің заңмен
танылатын және
қорғалатын құқығы

**БАСҚАРУ
ҚҰҚЫҒЫ -**
заттың толық
немесе заңды
тағдырын шешу
мүмкіндігі

ЕРЕКШЕ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕНШІКТІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Жер¹ және оның байлықтары, су, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи қорлар

¹ Жер сонымен бірге жеке меншікте болуы мүмкін (конституцияның 6 б. 3 т.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕНШІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Жеке

Мемлекеттік

ЖЕКЕ
МЕНШІК

ҚР азаматтарының, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың
меншігі

Олармен құралған заңды тұлғалардың меншігі

Колхоздардың, коллективті кәсіпорындар мен кооперативтердің,
шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың және басқа
мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің мүлігі

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК

```
graph TD; A[МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК] --> B[Республикалық меншік]; A --> C[Коммуналдық меншік]; B --> D[Республикалық меншік мемлекеттік республикалық заңды тұлғалардың артынан бекітілген республикалық қазына мен мүліктен тұрады]; C --> E[Коммуналдық меншік коммуналды заңды тұлғалардың артынан бекітілген жергілікті қазынадан және мүліктен тұрады];
```

Республикалық меншік

Республикалық меншік мемлекеттік республикалық заңды тұлғалардың артынан бекітілген республикалық қазына мен мүліктен тұрады

Коммуналдық меншік

Коммуналдық меншік коммуналды заңды тұлғалардың артынан бекітілген жергілікті қазынадан және мүліктен тұрады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ


Нарық шаруашылығының ұйымдастыру, принципімен сипатталатын экономикалық қатынастар қатары, меншіктің көп алуан формалары өндіріс пен бағаны қою өзіндік конкуренция, сонымен қатар шаруашылық әрекеттер ішімдері, адам қажеттілігін қанағаттандыратын бағыттар

Экономикалық жүйенің субъектісі

Физикалық немесе құқықтық түр, және де мемлекеттік, толық ие, өзіндік қасиетін қолдану және тағайындау

Экономикалық жүйесі принципі

Меншіктің саналуан пішімдері
Ұсталмайтын меншік
Меншіктің теңдік барлық субъектісі
Мемлекеттің меншігін қорғау құқығы
Экономикадан монополизмді шығарып тастау
Бостандықтың иесі
Бәсекелестік
Баға бостандығы
Салық төлеу құқығы
Адамдардың сұраныстарын қанағаттандыру



НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ


НЕКЕ


Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарға белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ

ОТБАСЫ

Некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларда нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар

МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА НЕКЕГЕ ТҰРУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:





ҚОҒАМДЫҚ ЕҢБЕКТИҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Еңбек адам
қажеттілігін
қанағаттандыру тәсілі

Еңбек қоғамдық
байлықты жасаушы
ретінде

Еңбек адам
қажеттіліктерін
қанағаттандыра
отырып, қоғамдық
дамудың негізі болады

Еңбек адамды
жасаушы ретінде

Еңбек адамзатқа
еркіндік беруші күш

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ

```
graph TD; A[ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ] --> B[Еңбек құқық қатынастарын реттеуде келісім әдістерін басым қолдану]; A --> C[Жеке және ұжымдық еңбекті реттеуге негізделген әдістерін қолдану]; A --> D[Еңбекте ынталандыру және міндеттеу әдістерін тиімді жолдарын қолдану];
```

Еңбек құқық қатынастарын
реттеуде келісім әдістерін басым
қолдану

Жеке және ұжымдық еңбекті
реттеуге негізделген әдістерін
қолдану

Еңбекте ынталандыру және міндеттеу
әдістерін тиімді жолдарын қолдану

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ

```
graph TD; A[ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ] --> B[ҚЫЗМЕТКЕР]; A --> C[ЖҰМЫС БЕРУШІ]; A --> D[ЕҢБЕК ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПТІК ОДАҚТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР];
```

ҚЫЗМЕТКЕР

ЖҰМЫС БЕРУШІ

ЕҢБЕК ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПТІК
ОДАҚТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Жұмыс берушімен Заңда белгіленген тәртіппен жеке еңбек шартын жасауға, оны өзгертуге және бұзуға

Еңбегі үшін қандай да болсын кемсітусіз тең ақы алуға

Қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларында қызмет етуге

Егер басқа заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіптік одақтарға немесе басқа да қоғамдық бірлестіктерге өз еркімен мүше болуға

Демалысқа шығуға, кепілдіктер мен өтемақылар алуға

Өзінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеттіруге

Еңбек дауларын тараптардың келісуімен немесе сот тәртібімен шешуге

Жұмыс берушіден жеке еңбек шартында тараптың атынан өкілдік ететін лауазымды адамның өкілеттігін растауды талап етуге

Ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен танысуға

Өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқығы бар

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Жеке және ұжымдық еңбек шарттарында және жұмыс берушінің актілерінде жазылған еңбек міндеттерін адал орындауға

Еңбек тәртібін сақтауға

Жұмыс процесінде жұмыс берушіге мүліктік зиян келтіруге жол бермеуге

Еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитарлық ережелердің талаптарын орындауға

Жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған, қызметтік, комерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге

Адамдардың өміріне, денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туралы хабарлауға міндетті

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Жеке және ұжымдық еңбек шарттарында және жұмыс берушінің актілерінде жазылған еңбек міндеттерін адал орындауға

Еңбек тәртібін сақтауға

Жұмыс процесінде жұмыс берушіге мүліктік зиян келтіруге жол бермеуге

Еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитарлық ережелердің талаптарын орындауға

Жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған, қызметтік, комерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге

Адамдардың өміріне, денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туралы хабарлауға міндетті

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Заңда белгіленген тәртіппен қызметкерлермен жеке еңбек және ұжымдық шарттарды жасауға, өзгертуге және бұзуға, қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге

Өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға, өзіне қызметкер келтірген зиянды өтеттіруге

Соттың шешімі бойынша заңсыз деп танылған ереуілді ұйымдастыруға қатысқан жағдайда ұйымның жұмысын тоқтатуға және қызметкерлерді жұмыстан шығаруға

Егер жеке еңбек шартының талаптарында жазылған болса, қызметкерді оқытып – үйретуге байланысты өз шығындарының орнын толтыруға құқығы бар

Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерден белгілі бір еңбек қызметімен айналасуға және белгілі бір қызметті атқаруға мүмкіндігін растайтын құжаттар беруін талап етуге

Қызметкерлерді көтермелеуге, оларды Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартуға

Өз құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында жұмыс берушілер бірлестіктерін құруға және оларға кіруге

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ НЕГІЗГІ МІНЕДЕТТЕРІ

Қызметкерлерге еңбек туралы заңдарға, еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, еңбек туралы заңдардың, жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын сақтауға

Қызметкерлер өкілдерінің ұсынысын қарауға және ұжымдық шарт жасауға, жеке еңбек шартын жасасу кезінде қызметкерді ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен таныстыруға

Қызметкерлерді олардың еңбек міндеттерін орындауына қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге

Қызметкерлердің еңбек қызметін және оларды зейнетақымен қамтамасыздандыруға арналған ақшаның аударылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік мұрағатқа өткізуге

Жалақыны және ҚР нормативтік құқықтық актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген өзге де төлемдерді уақтылы және толық көлемінде төлеуге

ҚР нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен қызметкерге келтірілген зиянды өтеуге, егер жұмысты жалғастыру қызметкердің өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, оны тоқтата тұруға

Қызметкердің еңбек міндеттерін атқаруы кезінде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыруға

Қызметкерге еңбек жағдайларының зиянды және қауіпті екендігін, кәсіптік аурудың мүмкін екендігі туралы ескертуге міндетті

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ СЫНАҚ

Жеке еңбек шартын жасау кезінде қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында тараптардың келісімімен сынақ өткізілуі мүмкін

Сынақ кезеңінде қызметкерлерге Заңдық нормалары, жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптары қолданылады

Сынақ туралы талап жеке еңбек шартында көрсетілуге тиіс, бұл талап болмаған жағдайда қызметкер жұмысқа сынақсыз қабылданды деп есептеледі

Сынақ мерзімін үш айдан асыруға болмайды, қызметкер дәлелді себептермен жұмыста болмаған кезең сынақ мерзіміне есептелмейді

ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРГЕ
МЫНАДАЙ ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ
ҚОЛДАНЫЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТӘРТІПТІК
ЖАЗАЛАУ ТҮРЛЕРІ

Ескерту жасау

Сөгіс жариялау

Қатаң сөгіс
жариялау

Жеке еңбек
шартын бұзу

Адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу

Экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ


Биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы


Халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымастық

Халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысуы

ЖЕРДІ ҚОРҒАУ МАҚСАТТАРЫ



ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЖӘНЕ ТАБИҒИ ОРТАНУ ҚОРҒАУ



Тәртіптік жауапкершілік
Нұқсан келтірген субъект жәбірленушіге
мүліктік және моральдық келтірген
шығынының орнын толтыру

Материалдық жауапкершілік
Қоршаған ортаға зиян келтірген азаматқа
белгіленген мөлшерде өтемін қайтартады

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОЛДАНАТЫН
ЗАҢДЫ ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қылмыстық жауапкершілік
Адамның өмірі мен қоршаған ортаның,
ауаның, судың, топырақтың тазалығына
зиян келтірген уақытта қолданылады

Азаматтық жауапкершілік
Келтірген экологиялық зияны үшін
өтемін қайтару, төлеу

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру

Биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтау

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, табиғатты пайдаланғаны үшін кезек-кезеңмен ақы төлеуді енгізу және қоршаған ортаны қорғауға экономиялық жағынан ынталандыруды енгізу

Экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру

Халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымастық қағидастарын сақтау негізінде жүзеге асырылады

Халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысуы

Қоршаған ортаға нұсқан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының 1995ж. 30 тамызда қабылданған Конституциясы, 1998ж. 7 қазанда енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен;
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңы, 1991ж. 16 желтоқсан;
3. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, 1990ж. 25 қазан;
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1995ж. 27 желтоқсан;
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999ж. 1 шілде;
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1997ж. 16 шілде;
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 1997ж. 13 желтоқсан;
8. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 1999ж. 13 шілде;
9. Нормативтік - құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 1998ж. 24 наурыз;
10. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2001ж. 30 қаңтар;
11. «Жер туралы» Заң, 2001ж. 24 қаңтар;
12. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң, 1997ж. 15 шілде;
13. «Қазақстан Республикасының еңбек туралы» Заңы, 2001ж. 23 қаңтар;
14. «Неке және отбасы туралы» Заң, 1997ж. 17 желтоқсан;
15. «Қазақстан Республикасының еңбек туралы» Заңы, 1999ж. 10 желтоқсан;
16. «Жемқорлықпен күрес туралы» Заң, 1998ж. 2 шілде;
17. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Заң 1996ж. 24 қаңтар;
18. «Азаматтық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1990ж. 12 қаңтар;
19. «Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі). 2001ж. 12 маусым;
20. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң. 1997ж. 15 шілде;
21. «Шетелдік инвестициялар туралы» Заң. 1994ж. 27 желтоқсан;
22. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң. 1997ж. 28 ақпан.